

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ИНТЕГРАТИВТІК ӘДІСТЕРІ

Оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін әртүрлі әдістер мен тәсілдер арқылы қалыптастыруға болады. Философиялық, дидактикалық, оқу-әдістемелік әдебиеттерді талдау, бастауышынып оқушылары мен оқытушыларының жұмыстарын, іс-әрекеттерін зерттеу, оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін қалыптастырудың интегративтік әдістерін анықтауға жәрдем берді. Олар: білімді игерудің түрлі кезеңдерінде проблемалық оқытудың элементтерін қолдану; оқушылардан білімге, шығармашылық элементтерге ие болу мен қолдануды талап ететін, өзіндік жұмыстарды өткізу; оқытылып жатқан материалдың өмірмен байланысы, оқушылардың жеке тәжірибелерін практикада қолдану; фронтальді жұмыстың жеке және топтық жұмыспен байланысы; ойын элементтері мен сұрақтарды тапқырлыққа қолдану; оқушының даму деңгейіне, оның мүмкіндіктерін ескере отырып, дифференциалдық тапсырмаларды кірістіру; оқудың нәтижесінде оқушыларды өзін бағалау және критикалық бағаға, өзін бақылауға тарту;

Жоғарыда біз барлық мүмкін әдіс-тәсілдерді интеграциялаудағы ең маңыздыларын ғана бөліп жаздық. Қазіргі дидактикада проблемалық оқыту мен оқушылардың өзіндік жұмыстарының танымдық қызығушылықты күшейтетіндігі туралы көп айтылуда. Оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін қалыптастырудың негізін қалаушы нәрселерді дәл белсендіру құралдарын «бөлу», танымдық іс-әрекеттерді қалыптастыру проблемасының негізінде жатуына байланысты, ол өзіндік жұмыстар арқылы атқарылады және проблема-

лық оқытуды іске асырудың жеке түрі болып табылады. Өйткені, біріншіден, туындаған танымдық қажеттіліктердің негізінде оқытылып жатқан материалдың мазмұнына жоғарғы интеллектуалды-бағдарлаушылық реакциясы және екіншіден, белгілі бір көрсеткішті нәтижеге жетуге бағытталған, оқушылардың жүйелі және өзара байланысты танымдық іс-әрекеттер тізбегін орындауы (немесе өзіндік, немесе оқытушының іс-әрекетінен кейін), танымдық іс-әрекеттің маңызды белгілері болып табылады.

Өзіндік жұмыс – оқушының ойлау қабілетінің, ақыл-ойының және іс-тәжірибесінен туындайтын оқу, тану әрекеті, оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін белсендіруші құрал болып табылады. Себебі, ол оқушыларда тәлім жүйесінде пысық және логикалық білім алу, шеберлік және біліктіліктің қалыптасуы, игерілген білімдерден пайдалану, өзгеше жағдайларда шеберлікті және біліктілікті қолдану, білім арттыру қабілеттерін (бақылау, іскерлік, логикалық ойлау, шығармашылық белсенділік және басқалар) дамыту, ой және дене еңбегі мәдениеттілігіне қанығу, болашақта өзіндік білім алумен сапалы шұғылдануды талап етеді.

«Оқушылардың өзіндік жұмысы» дегенде, оқу, істеп шығару және зерттеуге бағытталған тапсырмалар түрінің әртүрлілігін түсіну тиіс. Бұл тапсырмаларды оқушылар оқытушы басшылығында (немесе өз бетінше) түрлі білімдерді игеру, шеберлік және біліктілікті игеру мақсатында орындайды. Осы ұғым білім алу көзінің бірнеше дәрежесін ажыратып көрсету мүмкіндігін береді:

